

## Грамматикалық тақырып: Сын есім және оның түрлері.

### СЫН ЕСІМ

Сын есім заттың құбылыстың сын-сипатын, көлемін сапасының түр-түсін білдіретін сөз табы. Ол заттың түрін-түсін, көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін және сынын, сапалық белгісін білдіреді. Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Тәртіпті (қандай?) бала, таза (қандай?) бөлме, қызыл (қандай?) алма, үлкен (қай?) үй.

Сын есімнің жасалуы: Сын есім құрамы жағынан **негізгі сын есім** және **туынды сын есім** болып бөлінеді. Ешбір қосымшасыз түбір күйінде жұмсалатын сын есімді *негізгі сын* есім деп аталады. Мысалы: қызыл, кең, ащы т.б. бұл сияқты сөздер-әрі қарай бөлшектеуге келмейтін негізгі түбірлер. Басқа сөздерден жұрнақтар арқылы жасалатын сын есімді *туынды сын* есім деп аталады. Мысалы: *жаз-ғы, жібек-тей, қала-лық* т.б. құрамы жағынан туынды сын есім негізгі түбір мен қосымшадан (жұрнақтан) тұрады. Демек, туынды сын есімдер жұрнақтан жасалған туынды сын есімдер болып келеді. Туынды сын есімдер, жұрнақтар арқылы есім сөздерден де, етістіктен де жасалады. Сын есім сондай-ақ қосарлану, тіркесу арқылы жасалады. Мысалы: *ағалы-інілі, жақсы-жаман* және *шұбар ала, қызыл қоңыр* т.б. Бұлар құрамына қарай *күрделі сын* есімдер деп аталады. Бір ғана түбірден негізгі немесе туынды түбірден тұратын сын есімдер дара сын есім деп аталады.

Сын есімнің түрлері: Мағынасына қарай сын есім **сапалық сын есім** және **қатыстық сын есім** болып екіге бөлінеді. *Негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайтын болса, ол сапалық сын есім деп атаймыз.* Мысалы: көк(аспан), ақ (бояу), қызғылт (орамал), жақсырақ (орын), ащылау (қымыз), жап-жасыл (орман), түп-тұщы (өзен). Сын есім басқа сөз табынан да жасала береді. Зат есім, есімдік, етістік, үстеуге сын есім тудыратын жұрнақтар жалғанып, *туынды сын есім* жасалады. *Заттың сын-сипатын, әр түрлі белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есімді қатыстық сын есім дейміз.* Мысалы: қар+лы, тұз+ды, жібек+тей.

Түрлері		Мысалдар
Мағынасына қарай (по значению)	сапалық (качественные)	ақ (көйлек), қара (тон), жеңіл (киім), үлкен (үй), жап-жасыл (орман), жақсы (сөз), қызғылт (орамал)
	қатыстық (относительные)	өнерлі жігіт, орманды алқап, балықсыз көл, сөзшен адам, шөпті жер, кешкі ауа, азаматтық борыш
Тұлғасына қарай (по способу образования)	негізгі (непроизводные)	жақсы, әдемі, таза, терең, көк, кең, суық
	туынды (производные)	кеш-кі, өнер-лі, қыс-қы, тау-лы, өт-кір, су-сыз
	дара (простые)	тар, нәзік, мол, кең, ұзын, қысқа, жеңіл, аласа

Құрамына қарай (по составу)	күрделі (сложные)	ақ сақалды, шұбар ала, ұзын бойлы, жақсы-жаман, балалы-шағалы, қызыл ала
--------------------------------	-------------------	---

## Грамматикалық тақырып: Көмекші есімдер

Служебные, вспомогательные имена представляют собой особый класс знаменательных слов - имен, способных (частично сохраняя лексическое значение) выполнять роль служебных (вспомогательных) слов.

Служебные имена описывают расположение предмета в пространстве и часто соответствуют предлогам русского языка.

Употребляются всегда в притяжательной форме 3-го лица и затем присоединяются окончания пространственных падежей, чаще местного падежа (окончания -нда/-нде). Например, служебные имена (в притяжательной форме 3-го лица и в местном падеже): **үстінде** – над, **астында** – под, **алдында** – перед, **артында** – за, **ішінде** – внутри, **арасында** – в среди **қарсы** – напротив, **қасында** – возле, **түбінде** – на дне, **маңында** – около, **арасында** – между.

К служебным именам могут также присоединяться окончания исходного (-нан/-нен) или дательного-направительного (-на/-не) падежей. К примеру, **іш+і+нен** – изнутри (исходный падеж), **іш+і+не** – вовнутрь (дательного-направительный падеж) или окончания могут отсутствовать (бөлменің іші қараңғы – внутри комнаты темно).

Служебные имена сочетаются с существительными в родительном падеже. Например: **сандықтың ішінде** – внутри сундука; **үстелдің артында** – позади стола; **орындықтың алдында** – перед стулом. Кроме вышеперечисленных служебных имён есть немало слов, которые также используются для описания расположения предмета в пространстве. Принцип построения с ними словосочетаний тот же самый: *ортасында* – в середине; *орталығында* – в центре; *шетінде* – на окраине; *айналасында* – вокруг; *оң жағында* – справа; *сол жағында* – слева; *бетінде* – на поверхности; *басында* – в начале; *аяғында* – в конце; *бойында* – вдоль. Примеры: Диванның қарсысында екі кресло тұр. – Напротив дивана два кресла стоят. Үстелдің үстінде журнал жатыр. – На столе журнал лежит. Сөрелердің артында ештеме жоқ. – За полками ничего нет. Үйдің сыртында алма бағы бар. – Снаружи дома есть яблоневый сад. Бақтың ішінде балалар жүр. – Внутри сада дети бегают. Үйдің оң жағында сауда үйі тұр. – Справа от дома торговый дом стоит. Бала ағаштың түбінде отыр. – Ребёнок у дерева сидит. Диван мен теледидардың арасында кресло тұр. – Между диваном и телевизором кресло стоит. Қаланың шетінде үлкен саябақ бар. – На окраине города большой парк есть. Көлдің айналасында гүлдер бар. – Вокруг озера цветы есть. Қаланың орталығында қонақ үйі тұр. – В центре города гостиница стоит.